

АВКВГД

Әбдіжәлел БӘКІР, саяси ғылымдардың докторы, профессор: Алаш мұрасы және мемлекеттілік идеясы

Қазан 20, 2017 Айқын



Алашорда үкіметінің бас- аяғы екі жылдан астам ғана өмір сүргені, Алаш қозғалысының оңтүстік қанатының мемлекеттік құрылымы – Түркістан Мұқтариятының алпыс төрт күннен соң большевиктердің Қарулы күшпен құлатылғаны белгілі. Сондықтан мұндай аз уақыт өмір сүрген саяси құрылымдарды толыққанды мемлекет болды деп ойлау асыра бағаландық болар еді. Алайда өзінің саяси топ басшылары, қозғаушы күші мен алдына қойған мақсаты және қамтыған мәселелері жағынан қазақ тарихындағы ең маңыздысы болған Алаш қозғалысының мемлекеттілік туралы идеяларының арада ғасыр өтсе де мәні арта түспесе, әсте кеміген жоқ.

Алаштың мәңгі өлмес тамаша идеяларының ішіндегі ең негізгісі – егеменді, «іргесі бөлек» тәуелсіз, ұлттық дербес мемлекет құру болатын. Мұндай идея 1917 жылдың 5-13 желтоқсаны аралығында Орынборда өткен Бүкілқазақтардың екінші съезінде жүзеге асырылды. Алашорда үкіметін басқару үшін 25 кісіден тұратын Уақытша ұлт кеңесі құрылды. Ә.Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары мұны ұлттық мүддені қорғайтын, Қазақ елін Еуропаның өркениетті елдері қатарына алып шығатын бірден-бір дұрыс жол деп санады. Мұстафа Шоқай: «Біздің мұратымыз Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу»

болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады», – деп жазды.

Алаш қозғалысының ұлттық мемлекет туралы идеясы Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясынан орын тапқан еді. Онда ұлттық мемлекеттікті сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданады деген біздің бүгінгіміз үшін де, келешегіміз үшін де аса мәнді қағида бар болатын. Бірақ кейін ресми құжаттарда «Қазақстан – көпұлтты мемлекет» деген сөз тіркесін қолданып, «ұлттық мемлекет» дегеннен неге бас тартқанымыз түсініксіз. Сонда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақтың үлес салмағы аздау кезде ұлттық мемлекет болып, халқымыз қазақстандықтардың басым көпшілігі болғанда көпұлттылыққа айналдық па? Мәселені бұлай айтуымыздың қағидатты себебі бар. Біздің қазіргі кенжелеу келе жатқан рухани дүниеміздегі қайшылықты мәселелердің көбі мемлекеттің ұлттық сипатының айқын болмауынан бастау алып отыр. Мұнсыз ұлтымыз, ең бірінші, еліміздегі өзге халықтарды топтастыру, басын біріктіруі рөлді тиісінше атқара алмайды. Екіншіден, қазақтың шынайы ұлттық идеясы жалпы қазақстандық деңгейге көтерілмейінше, еліміздің алдында тұрған аса зор міндеттерді шешу қиын. Мұның барлығы Қазақстанды толыққанды ұлттық мемлекет ретінде дамытуды, қазақты шынайы мағынадағы өркениетті ұлт есебінде қалыптастыра, жетілдіре түсуді қажет етеді.

Кез келген мемлекеттік құрылым саяси партиялардың белсенді қызметінсіз өмір сүре алмайды. Сол себепті, Алаш жетекшілері алға қойған нақты міндеттерді жүзеге асыру үшін І Бүкілқазақтық съезде тұңғыш ұлттық-демократиялық саяси партиясын құрды. Рас, партия аз уақыт өмір сүрді, бірақ қазақтың арғы-бергі төл тарихында терең із қалдырған Алаш сияқты саяси партия болған емес. Оның авторлары партия бағдарламасында дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдерінің тәжірибелерін пайдалана отырып, қазақ халқын дербес даму мен прогресс жолына бастайтын мемлекеттік-құқықтық идеяларды ұсына білді. Кейінгі тарих Алаш партиясы бағдарламасының қазақ халқы үшін большевиктер ұсынған жобадан анағұрлым артық екенін дәлелдеді. Әлеуметтік қатынастар саласында бұл қазақ қоғамын таптық тұрғыдан жіктелуден гөрі, жалпы ұлттық тұтастықта болуын, Қазақ елінің санғасырлық өркендеу тәжірибесін, салт-дәстүрін қоғам дамуының сұранысына бейімдеуді жақтады.

Саяси партияға арналған «Стамбул һәм қылилар» деген мақаласында Әлихан Бөкейхан өркениетті елдердің тәжірибесін саралай келе, саяси мәдениеті жоғары елдерде саяси партиялар аз болатынын тілге тиек етеді. «Англиядағы кашаннан бері екі-ақ партия: бірі бостандық, жылдам ілгері басқан. Екінші Англияның саяси партиясы ақырын жүріп, ескіні бұзып, жармай, еппен іс қылған» деп жаза отырып, автор саяси мәдениеті жоғары елдердегі қоспартиялықты жайдан-жай үлгі етіп отырған жоқ еді.

1995 жылғы Конституцияның еліміздегі азаматтардың бірлесу бостандығы туралы шешімі Қазақстанда көппартиялықтың тууына қолайлы жағдай жасады. Оның бүгінгі шындығымызға айналғандығына Парламент

Мәжілісінің әрбір сайлауына бірнеше партиялардың қатысуы нақты дәлел бола алады. Бірақ та содан кейін ұзақ ұйқыға кететін саны бар да, сапасы шамалы партиялардың тыныс-тіршілігін көпшілік біле бермейді. Сонан соң, қазіргі еліміздегі саяси партиялар мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы саналатын бұқара халықтың сеніміне толық ие болып, қоғам мүшелерінің басым көпшілігінің мақсат-мүддесін көздей алатын қуатқа жеткен жоқ. Қоғамдағы әлеуметтік экономикалық және саяси реформаларды жүргізуге белсенді қатысу, өмір сапасының стандарттарын қалыптастыру сияқты мәселелер кей партиялардың жарғыларында орын тапқанымен оларды жүзеге асыру үшін жасалып жатқан қажырлы қызмет шамалы, тіпті көрінбейді де. Әсілі, саяси партиялар ел ішіндегі саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді талдау, осыған байланысты өздерінің алдарына қойған мақсаттарын айқындай, тәжірибе жинай және жетіле, біріге және ірілене түсіп, үлкен саяси күшке айналады, сонда ғана олар алдына қойған мақсатына қол жеткізе алады.

Алаш басшылары ұлт мүддесін қорғауда, халықтың әлеуметтік санасын көтеруде, оның күш-жігерін алға қойған мақсатқа жеткізу үшін біріктіруде бұқаралық ақпарат құралына – «төртінші билікке» ерекше көңіл бөлген болатын.

Құдайға шүкір, республикамызда екі мыңның үстінде бұқаралық ақпарат құралдары бар, оның 80 пайыздайы қоғамның саяси сипатына сәйкес, тәуелсіз деп саналады. Олар тақырып, мазмұн жағынан тәуелсіз еліміздің қоғамдық өмірінің әлеуметтік, саяси, экономикалық һәм құқықтық, т.б. салаларын түгел де, толық та қамтуда десек артық айта қоймаспыз. Оны оқырмандардың өздері де күнделікті көріп отыр. Бірақ ақпарат құралдары бұқара халық пен биліктің арасында рухани көпір болды, осы басылымдарда шығып жатқан материалдарға тиісті мемлекеттік органдар тарапынан қолдау жасалып отыр деуге әлі ерте. Парасатты ойларды, ұлағатты үндерді құлақ ести бермейді, көз көре қоймайды. 1913 жылы ашылған «Қазақ» газетінің алғашқы санындағы Ахмет Байтұрсынұлының оқырмандарға арналған мақаласында көтерілген «газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек» – деген алаштықтар түсінігі біздің бүгінгі жағдайымызда жаңғыртылып жатса артық болмас еді.

Осыдан 80 жыл бұрын, яғни 1937 жылы сонау Еуропа төрі – Франция да тұрып Мұстафа Шоқайдың ұлттық тәуелсіздік үшін «күрес майданындағылардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын тергеп-тектемейік, алаламайық. Тек осындай жол ғана бізді ұлттық азаттыққа жеткізе алады... Бұдан басқа жолдардың барлығы алдамшы, тұйық» деген өсиетті сөзі бүгінгі көпэтносты Қазақстан жағдайында айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл қазіргі алыс-жақынды мойындатып отырған Елбасымыздың ұлттық бірлігімізді нығайта түсу, тәуелсіздігімізді тұғырлы ету бағытында жүргізіп отырған сара саясатына тікелей қызмет етеді. Дегенмен бұл салада да бәрі шешілді деу артық болар. Қоғамдық өмір өсіп, мәселелер туып отыратыны белгілі. Сондықтан да Қазақстан халқы ассамблеясы тым биіктеп кетпей, халықтардың арасындағы күнделікті қарым-қатынастардағы кейбір келеңсіз

көріністерге де көңіл бөліп отырса артық болмас еді.

Қандай мемлекет болмасын, оның негізгі қолданыс тілі – сол мемлекетті құраушы ұлттың тілі екені аян. Сонау Алаш қозғалысының бастауында, 1905 жылдың қарашасында Мәскеуде өткен Ресейдің жергілікті және қалалық қайраткерлері съезінде 4 миллион қазақ халқының атынан аса көрнекті саяси реформатор, ғұлама ғалым Әлихан Бөкейхан сөз сөйлеп, өз халқының ана тілін пайдалануға бостандық берілуін, жергілікті тілдің құқықтарына барлық шектеуді тез алып тастауды жайдан-жай ұсынған жоқ болатын. Мұнда ана тілінің күндердің күнінде қазақтың мемлекеттік тілі болуы керектігі идеясы жатқан еді.

Егемендіктің елең-алаңында еліміздің шынайы ұлтшыл азаматтары ең бірінші тіліміз үшін күресіп, 1989 жылғы Қазақ КСР Жоғары кеңесінде ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесіне қол жеткізілді. Бұл 1995 жылғы Ата заңда конституциялық шешім тапты. 1997 жылғы «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заң қабылданып, осы маңызды құжатты жүзеге асыру мақсатында аз уақытта көп нәрсе жүзеге асты. Ол әрбір қазаққа айқын. Алайда қайта құрудан басталған тіл үшін күрес, ұлттық рух егемендікке жетіп, тәуелсіздік алғаннан кейін жетілдіріле, күшейтіле түспеді. Ең өкініштісі – патшалық Ресейдің отарлық саясаты, соның саяси жалғасындай болған кеңес өкіметі кезінде мемлекетіміздің де, ұлтымыздың да толыққанды қалыптаса алмағандығынан сан жылдар тілдік кеңістікте қордаланған қиыншылықтар мен қайшылықтарды жоюда батыл саяси және құқықтық әрекеттер жасалынбады. Сол себепті де, қазіргі кезде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болғанына ширек ғасырдан асса да оның мемлекеттік органдардың төріне шыға алмай отыр. Мемлекеттік биліктің басқа тармағын былай қойғанда, ұлттық сипаты басым болуға тиісті Парламентте қазақ тілінің орыс тілінің аудармасы деңгейінде тұруы өкінішті. Сондықтан бұл мәселеге кеңірек тоқтай кетсек. Өйткені бұл – қазақтың бүгіні ғана емес, болашағы, қазақтың күндердің күнінде кім боларына тікелей қатысты, тіпті мемлекетіміз үшін де тағдырлы мәселе.

Тәуелсіздік жылдары халқымыз өзінің дәстүрлі дінімен қайта қауышты. Дінге сенушілер көбейіп, діни бірлестіктердің саны артты. Осы аймақтың ежелден жалғыз иесі болып келе жатқан қазақтың дәстүрлі ислами бірлестіктері бес есеге өсті. Мешіттер көбейіп, көптеген діни оқу орындары ашылып, олар имандылық пен ізгіліктің орындарына айналуға. Дегенмен ашық қоғам құрамыз деп, кейде осы ұғымның төркініне жете мән бермеу салдарынан қоғамымыз көп дінділікке бой алдырып алды. Тіпті дәстүрлі ислам дінінің өзі түрлі ағымдарға бөлініп отыр.

Рас, 2011 жылғы 11 қазанда қабылданған «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заң бірсыпыра мәселелерді шешті. Алайда заңның «Мемлекет және дін» деп аталатын 3-бабында «Мемлекет дін және діни бірлестіктерден бөлінген» деген нормада дінді мемлекеттен бөліп, үлкен қателік жібердік. Дін – қоғамдық сананың бір түрі, ол – адамның наным мен сенімі, көз-қарасы, әдет-ғұрпы, керек десең іс әрекетінің де көріністері. Осындай жағдайда діннің иесі – адамды қалай мемлекеттен бөлеміз? Әлде, мемлекетті

құрайтын адамдар емес, өзгелер ме? Бұған ақыл жеткізу қиын. Сондай ақ заңымызда миссионерлік қызмет жасауға құқықтық негіз салып қойып, бүгінгі жаһандану заманында ежелгі дінге деген көзқарастан кейде саналы, кейде санасыз адасқандармен мәмілеге келудің, түсіндірудің түрлі амалдарын барынша іздестірудің орнына, Алланың махаббатпен жаратқан өз бауырларымызға мылтық кезеңгенді де түсіне бермеушілік жоқ емес. Тағы бір елеулі мәселе – біздің мемлекетіміздің Еуразия құрылығында өмір сүріп отырғанын ескере бермейтін сияқтымыз. Ұлы Абайдың әлемдік дәрежедегі рухани шынға көтерілуі – оның өз халқының санғасырлық ұлттық құндылықтарын терең игеруінің, Батыс пен Шығыстың озық мәдениетін бойына сіңіре, үйлестіре білгендігінің арқасында ғана мүмкін болғаны белгілі. Әсілі, тәуелсіздік талаптарына сәйкес Батыстан да, Шығыстан да қажетті құндылықтарын өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді ескере, соған бейімдей отырып қабылдасақ, ұтылмаймыз, ұтамыз. Бірақ жүрек ұлтым, қазағым, елімізді, жерімізді сүйген өзге ұлт өкілдерін, Абай сөзімен айтқанда, «адамзаттың бәрін сүй бауырым» деп соғуы керек.

Құдайға шүкір! Іргесі бөлек, өз тізгіні өзіндегі тәуелсіз мемлекет болғанымызға ширек ғасырдан асты. Осы уақыттары азаттық алаңында алып кемеміз шайқалмай, бір қалыпты, қатты болмаса, ылғи да ілгері тұрақты жылжып, тәуелсіздігімізді тұғырлы етуге бағыттталып келеді. Дегенмен бұл үшін Алаштың арыстары өз ұлтын шексіз сүюдің үлгісі ретінде пайдаланған «ұлтшыл» деген ұғымды күшейте түсуімен баянды бола түсетіні белгілі. Шынына келгенде, алдымен ұлтшыл болмай, мемлекетшіл бола алмаймыз. Мұстафа Шоқай ұлтшылдық идеясына түсініктеме бере отырып: «Ол – халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» деген еді. Халқымыздың шынайы ұлтшылдығы дегеніміз – қоғам алдындағы міндетті биік түсіну, ата-бабаның ежелден келе жатқан жарасымды салт-дәстүріне адалдық, тәуелсіздік идеяларына болаттай беріктік тәрізді компоненттерді қамтиды.

Бізде Алаш мұрасына деген тиісті қоғамдық көзқарас та әлі қалыптаса алмай отыр. Шын мәнісіндегі қазақ ұлтының шынайы көсемі Әлихан Бөкейханның 150 жылдығы туралы ЮНЕСКО арнайы шешім жасағанда біздің «қаржы жоқ» деп сылтау айтқанымыз, сондай-ақ Алаш қозғалысының биылғы 100 жылдығына байланысты өзім қатысқан кейбір аты дардай халықаралық конференциялар деңгейлері де осындай ойларға жетелейді.

Сөз соңында айтарым, бар саналы ғұмырларын өз ұлтының азаттығы мен еркіндігіне арнаған, ұлттық мемлекеттілікті армандап кеткен Алаш басшыларының қажырлы қызметтерін толық танымай және олардың аса маңызды әрі бай саяси әлеуметтік асқақ идеяларын рухани игеріп, бойымызға терең сіңірмей, оны қазіргі тәуелсіз еліміз туралы Елбасымыздың ой тұжырымдарымен ұштастыра насихаттамай, тәуелсіз мемлекеттің толыққанды азаматы бола алмаймыз десем артық көрмеңіздер.